

Мектепке дейінгі ұйымда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сапалы білім алуына, тәрбиеленуіне және дамуына жағдай жасалуы тиіс. Арнайы жағдайлар мыналарды қамтиды:

Баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру процесін ұйымдастыру;

Кедергісіз орта құрылған : пандус, тұтқалар, тактильді белгілер, контрастты таңбалар және дыбыстық жүйесі(сигнальдық нүкте)

Арнайы оқу-әдістемелік құралдармен және дидактикалық материалдармен қамтамасыз ету;

Арнайы техникалық және компенсаторлық құралдарды пайдалану;

Педагогтердің, психологтың, логопедтің, дефектологтың және басқа мамандардың қолдау көрсетуі;

Жеке және топтық түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру;

Оқыту мен тәрбиелеудің қолайлы психологиялық-педагогикалық жағдайларын қамтамасыз ету;

Ата-аналарға (занды өкілдерге) консультациялық және әдістемелік көмек көрсету;

Денсаулық жағдайын ескере отырып, күн тәртібі мен оқу жүктемесін бейімдеу;

Қауіпсіз және қолжетімді білім беру ортасын қалыптастыру.

«Мектепке дейінгі ұйымда ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер үшін Үлгілік қағидалар талаптарына сәйкес арнайы жағдайлар жасалынады. Білім беру ортасының қолжетімділігі қамтамасыз етілген, педагогикалық қолдау көрсетіледі, қажетті оқу-әдістемелік материалдар мен дамыту құралдары қолданылады. Балалардың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, түзету-дамыту және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмыстары ұйымдастырылады.»